



«29» 08 2025 ж.

Бұйрық № 91

«Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру туралы»

«Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығын (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 бұйрығы), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары №76 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығын (жаңа редакцияда ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.03.2025 № 16 бұйрығы) басшылыққа алып,

БҰЙЫРАМЫН

Мектепте тамақтандыру бойынша төмендегідей шаралар ұйымдастырылсын:

1. Мектеп асханалары қызметінің тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес №34 орта мектебінде ыстық тамақты ұйымдастыру жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10- қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес ата-аналардан құжаттарды қабылдау әлеуметтік педагог Г.К.Азаматоваға міндеттелінсін.
3. Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, мониторинг жүргізетін бракераж комиссиясы құрылсын.
4. №34 орта мектебінде мектептегі тамақтандыру жұмысының ұйымдастырылуына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева жауапты болып бекітілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры



А.С.Джамбулова



« 02 » 09 2025 ж.
№ 92

«Жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10- қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын, Ақтөбе облысы әкімдігінің «Ақтөбе облысының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мемлекеттік ұйымдарының 1-4 сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 230 қаулысын басшылыққа ала отырып

бұйырамын

1. 2025-2026 оқу жылының 2- қыркүйегінен бастап оқу жылының аяғына дейін 1-4 сынып оқушыларының барлығы және төмендегі жекелеген санаттағы оқушылар асханадан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін:
 - 1) Топаев Имран, 5 «А» класс
 - 2) Аманжол Қасым, 5 «Ә» класс
 - 3) Жолдығали Арнат, 5 «Ә» класс
 - 4) Ізмағанбет Ибрахим, 5 «Ә» класс
 - 5) Аманжолқызы Анель, 6 «Ә» класс
 - 6) Ғабитқызы Меруерт, 6 «Б» класс
 - 7) Жолдығали Эльшад, 7 «Ә» класс
 - 8) Жылқыбай Айша, 7 «А» класс
 - 9) Сапартілеу Ерасыл, 9 «Ә» класс
 - 10) Темірболатов Мирас, 9 «Ә» класс
2. Ыстық тамақ Ақтөбе облысы білім басқармасы, Ақтөбе облысы денсаулық сақтау басқармасы басшылары бекіткен, Ақтөбе облысы жалпы білім беретін мектептердің жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушыларының тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 4 апталық ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылып, ас мәзірі бойынша баға 665 теңге болып есептелінсін.
3. Оқушылардың үзіліс кезінде уақытылы тамақтануын бақылау класс жетекшілерге міндеттелсін.
4. Оқушыларды балалар денсаулығының қауіпсіздігін сақтай отырып, сапалы тамақпен қамтамасыз ету асхана меңгерушісі Г.Ержакиповаға міндеттелсін.
5. Жұмысты жүргізу және бақылау әлеуметтік педагог Г.К.Азаматоваға жүктелінсін.



Мектеп директоры

А.С.Джамбулова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№34 ОРТА МЕКТЕБІ» КММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМАТ ГОРОДА АКТОБЕ
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТОБЕ»
КГУ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №34»

« 02 » 09 2025 ж.

Бұйрық № 92

«Бракераждық комиссия құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 25.12.2023 №390 бұйрығы) № 598 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары №76 бұйрығын (жаңа редакцияда 25.09.2024жылғы № 74 бұйрығы), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығын (жаңа редакцияда 04.03.2025 № 16 бұйрығы) басшылыққа алып

БҰЙЫРАМЫН

1. Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, *мониторинг* жүргізетін *бракераж* комиссиясы төмендегідей құрамда бекітілсін:

- 1) Комиссия төрайымы – мектеп директоры А.С.Джамбулова
- 2) Қамқоршылық кеңесінің төрайымы- А.А.Кокимова
- 3) Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева
- 4) Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Р.Т.Избасова
- 5) Мектеп медбикесі М.Н.Сарсенова
- 6) Ата-аналар төрайымы Т.М.Жусипова
- 7) Әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова

2. Бракераждық комиссия мүшелері жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясын, мәзірдің дұрыс жасалуын, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуын қадағалап, мониторинг жүргізісін.

3. Комиссия жұмысының қорытындысы педкеңестер мен ата-аналар жиналыстарында қаралып, білім беру ұйымының интернет-ресурстарында орналастырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Мектеп директоры А.С.Джамбулова



«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ

«№34 ОРТА МЕКТЕБІ»
КММ

БҰЙРЫҚ



ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТӨБЕ»

КГУ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА 34»

ПРИКАЗ

« 13 » 09 2025 ж.

Бұйрық № 168

«Бракераждық комиссия құру туралы бұйрыққа
өзгеріс енгізу туралы»

1. Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, **мониторинг** жүргізетін **бракераж** комиссиясының мүшесі **Б.Р. Утебаеваның** жұмыстан шығуына байланысты комиссия мүшесінен шығарылып, орнына жаңадан тағайындалған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б. Қалдығұлова енгізілсін.
2. Бракераждық комиссия мүшелері жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясын, мәзірдің дұрыс жасалуын, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуын қадағалап, мониторинг жүргізуді жалғастырсын
3. Комиссия жұмысының қорытындысы педкеңестер мен ата-аналар жиналыстарында қаралып, білім беру ұйымының интернет-ресурстарында орналастырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Мектеп директоры



А.С. Джамбулова